

## **Тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеу ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы N 105 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы және "Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеу ережесі;

2) 2005 жылға арналған көбейту жылдары бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің бірегей тұқымының түрлеріне және жеміс дақылдарының аласа дінді телітушілер аналығын салуға арналған субсидиялар нормативтері;

3) 2005 жылға арналған сатылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің элиталық тұқымының 1 тоннасына арналған субсидиялар нормативтері бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н  
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 4 ақпандағы  
N 105 қаулысымен  
бекітілген

## **Тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеу ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) тиісті жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі - Ауылшармині) көзделген қаражат есебінен және соның шегінде бірегей тұқым өндірушілерге (бұдан әрі - оригинаторлар) және элиталық тұқым шаруашылықтарына (бұдан әрі - элиттұқымшарлар) тұқым шаруашылығын дамытуға қаражат төлеу (бұдан әрі - субсидиялау) тәртібін айқындайды.

2. Субсидиялар:

1) бірегей тұқымдарды және жеміс дақылдарының көшеттерін өндіруге жіберілген шығындарды ішінара өтеуге;

2) жеміс дақылдарының аласа діңді телітушілер аналығын салуға жіберілген шығындарды толығымен өтеуге;

3) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған элиталық тұқымның құнын ішінара арзандатуға арналады.

3. Осы Ереженің 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген субсидиялар Қазақстан Республикасында пайдалануға жол берілген және (немесе) перспективалық деп танылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттары бірегей тұқымының және жеміс дақылдары көшеттерінің нақты өндірілген көлемі үшін заңнамада белгіленген тәртіппен аттестатталған оригинаторларға төленеді.

4. Бірегей тұқымдарды және жеміс дақылдарының көшеттерін өндіруді субсидиялау Ауылшармині элиталық тұқым мен көшеттер алу үшін оларды өндірудің ғылыми негізделген нормаларына сәйкес бірегей тұқымның және көбейту жылдары бойынша жеміс дақылдары көшеттерінің әрбір түріне әр оригинатор үшін белгілеген квоталар шеңберінде жүзеге асырылады.

5. Осы Ереженің 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген субсидиялар Қазақстан Республикасында пайдалануға жол берілген және (немесе) перспективалық деп танылған жеміс дақылдарының аласа діңді,

телітушілер аналығын салу жөніндегі нақты орындалған іс-шаралар үшін заңнамада белгіленген тәртіппен аттестатталған оригинаторларға төленеді.

6. Жеміс дақылдарының аласа діңді телітушілер аналығын салу жөніндегі іс-шараларды субсидиялау Ауылшармині белгілеген шығыстар сметасы шеңберінде жүзеге асырылады.

Әрбір оригинатор үшін жеміс дақылдарының аласа діңді телітушілер аналығын салу алаңын Ауылшармині көпжылдық екпе ағаштар алаңына телітушілерге қажеттілігінің ғылыми негізделген нормаларына сәйкес белгілейді.

7. Осы Ереженің 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген субсидиялар Қазақстан Республикасында пайдалануға жол берілген және (немесе) Ауылшармині тұқымның әрбір түрі бойынша әр облыс үшін белгілеген квоталар шегінде перспективалық деп танылған ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының элиталық тұқымының отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзандатылған құны бойынша нақты сатылған көлемі үшін заңнамада белгіленген тәртіппен аттестатталған элиттұқымшарларға төленеді.

Әрбір элиттұқымшар үшін элиталық тұқымның әрбір түрі бойынша квотаны Ауылшарминінің облыстық аумақтық басқармасы (бұдан әрі - облаумақбасқарма) олардың егістік алаңына қажеттілігінің ғылыми негізделген нормаларына сәйкес белгілейді.

8. Элиттұқымшарлар ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің элиталық тұқымын отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге Ауылшармині белгілеген шекті бағадан аспайтын баға бойынша сатады.

## **2. Бірегей тұқымдарды, жеміс дақылдарының көшеттерін өндіруге жіберілген шығындарды ішінара өтеуге және жеміс дақылдарының аласа дінді телітушілер аналығын салуға жіберілген шығындарды толығымен өтеуге арналған субсидияларды төлеу тәртібі**

9. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің бірегей тұқымдарын және жеміс дақылдарының көшеттерін өндіруге жіберілген шығындарды ішінара өтеуге субсидиялар алу үшін:

1) оригинаторлар тиісті жылғы 10 қарашаға дейінгі мерзімде бекіту үшін облауақбасқармаға мынадай құжаттарды:

оригинатор бірегей тұқымдардың және жеміс дақылдары көшеттерінің нақты өндірілген көлемдері жөніндегі тізілімді;

бірегей тұқымдарды және жеміс дақылдарының көшеттерін кіріске алу актілерін;

бірегей тұқымдардың егістігін сынақтан өткізу актілерін;

егістіктерді сынақтан өткізу туралы екі данадағы есепті;

тексерілген тұқымның (көшеттерді қоспағанда) саны мен сапасының ұлттық стандарттар талаптарына сәйкестігі туралы тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертхананың заңнамада белгіленген тәртіппен аттестатталған анықтамасын береді.

Осы тармақшада көрсетілген құжаттар екі данада беріледі: біреуі - облауақбасқарма үшін, екіншісі - Ауылшармині үшін;

2) облауақбасқарма берілген құжаттардың шынайылығын тексереді, оригинатор нақты өндірген бірегей тұқымдардың және жеміс дақылдары көшеттерінің көлемдері жөніндегі тізілімді бекітеді, облыс бойынша нақты өндірілген бірегей тұқымдардың және жеміс дақылдары көшеттерінің көлемдері жөнінде жиынтық тізілім жасайды және тиісті жылғы 20 қарашаға дейінгі мерзімде көрсетілген құжаттарды осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларымен қоса Ауылшарминіне жібереді.

Оригинатор нақты өндірген бірегей тұқымдардың және жеміс дақылдары көшеттерінің көлемдері жөніндегі бекітілген тізілімінің, облыс бойынша өндірілген бірегей тұқымдардың және жеміс дақылдары көшеттерінің көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімнің және бірегей тұқымдар мен жеміс дақылдары көшеттерін өндіру фактісін растайтын осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген құжаттардың бір данасы облауақбасқармасында сақтауға қалдырылады;

3) Ауылшармині берілген құжаттарды тексереді, солардың негізінде республика бойынша бірегей тұқымдардың және жеміс дақылдары көшеттерінің нақты өндірілген көлемдері жөнінде жиынтық тізілім жасайды және белгіленген субсидиялар нормативтері негізінде оригинаторларға тиесілі бюджет ақшасының көлемін

айқындайды. Міндеттемелер мен төлемдер бойынша көрсетілген бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспарларына сәйкес тиісті сомаларды оригиналдардың ағымдағы шоттарына аудару үшін Ауылшармині Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірілген бірегей тұқым мен жеміс дақылдары көшеттері үшін субсидиялар төлеуге арналған ведомості және ақы төлеу шоттарын береді;

4) оригинал нақты өндірген бірегей тұқымдардың және жеміс дақылдары көшеттерінің көлемдері жөніндегі тізілімнің, облыс бойынша нақты өндірілген бірегей тұқымдардың және жеміс дақылдары көшеттерінің көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімнің, республика бойынша нақты өндірілген бірегей тұқымдардың және жеміс дақылдары көшеттерінің көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімнің, бірегей тұқымды және жеміс дақылдарының көшеттерін кіріске алу актілерінің, тексерілген тұқымның саны мен сапасы туралы белгіленген тәртіппен аттестатталған тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертхана анықтамасының нысандарын Ауылшармині белгілейді.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.**

10. Аласа діңді телітушілер аналығын салуға жіберілген шығындарды толығымен өтеу үшін:

1) оригиналдар Ауылшарминіне отырғызу материалын, тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғау құралдарын, суармалы суды жеткізуге қызметтерді сатып алуға арналған шарттардың бір данасын, сондай-ақ аналықты салу жөніндегі шығындарды растайтын құжаттарды береді;

2) Ауылшармині жасалған шарттардың және аналықты салу жөніндегі шығындарды растайтын құжаттардың растығын тексереді және бюджеттік қаражатты оригиналдардың ағымдағы шотына аударады.

Отырғызу материалын, тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғау құралдарын, суармалы суды жеткізу жөніндегі қызметтерді сатып алғаннан кейін және аналықты салу жөніндегі келтірілген шығындар нәтижелері бойынша оригинал келесі айдың ішінде Ауылшарминіне барлық төлем құжаттары мен кіріске алу актілерінің көшірмелерін береді.

### **3. Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған элиталық тұқымның құнын ішінара арзандатуға субсидиялар төлеу тәртібі**

11. Арзандатылған құн бойынша сатылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің элиталық тұқымына субсидиялар алу үшін:

1) элиттұқымшарлар элиталық тұқымдарды сату фактісін растау үшін мынадай мерзімдерде: жаздық дақылдар бойынша - тиісті жылғы 20 маусымға дейін, ал күздік

дақылдар бойынша - тиісті жылғы 10 қарашаға дейін Ауылшарминінің аудандық аумақтық басқармасына (бұдан әрі - ауданаумақбасқарма):

элиттұқымшар нақты сатқан элиталық тұқымдардың көлемі жөніндегі екі данадағы жиынтық тізілімді: біреуі - ауданаумақбасқарма үшін, екіншісі - облаумақбасқарма үшін;

элиталық тұқымдарды өндіруге арналған бастапқы материалдың шығу тегін растайтын құжаттарды (өсіру питомниктері, суперэлита және элита егістерін сынақтан өткізу актілері мен сынақтан өткізу туралы есепті, ал өсіру питомниктері тұқымы мен суперэлита сатып алған жағдайда - тұқымға арналған аттестаттың көшірмесін);

тексерілген тұқымның саны мен сапасының ұлттық стандарттар талаптарына сәйкестігі туралы тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертхананың заңнамада белгіленген тәртіппен аттестатталған анықтамасын;

сатылған элиталық тұқымның бастапқы төлем құжаттарының, сондай-ақ тұқымды тиіп жөнелтуге арналған жүкқұжаттың және шот-фактуралардың көшірмелерін;

сатылған және сатып алынған элиталық тұқымның саны туралы элиттұқымшар мен сатып алушының арасындағы элиталық тұқымды сатып алу-сату шартын ұсынады. Элиталық тұқымды сатып алу-сату шарты төрт данада жасалады: бірінші - элиттұқымшар үшін, екінші - сатып алушы үшін, үшінші - ауданаумақбасқарма үшін, төртінші - облаумақбасқарма үшін;

2) ауданаумақбасқарма ұсынылған бастапқы төлем құжаттарының көшірмелерін түпнұсқаларымен салыстырады және өзінің мөрімен куәландырады. Куәландырылған бастапқы төлем құжаттарының көшірмелері, элиталық тұқымның нақты сатылған көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімнің бір данасы және сатып алу-сату шартының бір данасы ауданаумақбасқармада сақтауға қалдырылады;

3) ауданаумақбасқарма мынадай мерзімдерде: жаздық дақылдар бойынша - тиісті жылғы 1 шілдеге дейін, ал күздік дақылдар бойынша - тиісті жылғы 20 қарашаға дейін облаумақбасқармаға мынадай құжаттарды:

элиттұқымшар нақты сатқан элиталық тұқым көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімді;

сатылған және сатып алынған элиталық тұқымның саны туралы элиттұқымшар мен сатып алушы арасындағы элиталық тұқымды сатып алу-сату шартын;

элиталық тұқымды нысаналы пайдалану туралы актіні;

тексерілген тұқымның саны мен сапасының ұлттық стандарттар талаптарына сәйкестігі туралы тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертхананың заңнамада белгіленген тәртіппен аттестатталған анықтамасын береді;

4) облаумақбасқарма:

ұсынылған құжаттарды тексереді, облыс бойынша элиталық тұқымның нақты сатылған көлемі жөнінде жинақтық актіні жасайды және бекітеді;

облыс бойынша элиталық тұқымның нақты сатылған көлемі жөнінде бекітілген жинақтық актілер бойынша онда көрсетілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері элиталық тұқымының көлемі мен белгіленген субсидиялар нормативтері негізінде тиесілі бюджеттік ақшаның көлемін анықтайды;

әрбір элиттұқымшарға белгіленген квоталар шегінде осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұқым шаруашылығының дамуына субсидиялар төлеуге арналған жиынтық ведомості жасайды.

Міндеттемелер мен төлемдер бойынша көрсетілген бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспарларына сәйкес облаумақбасқарма күнтізбелік жылдың соңына дейін тиесілі субсидияларды элиттұқымшарлардың есеп-шоттарына аударады. Ай сайын 25-күніне қарай, бірақ тиісті жылғы 25 желтоқсаннан кешіктірмей, облаумақбасқарма Ауылшарминіне тұқым шаруашылығының дамуына субсидиялар төлеу үшін жиынтық ведомостерінің көшірмелерін, сондай-ақ көрсетілген бюджеттік кіші бағдарламаны іске асыру туралы есепті береді.

Облаумақбасқарма Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына мынадай құжаттарды:

осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұқым шаруашылығының дамуына субсидиялар төлеуге арналған жиынтық ведомості;

ақы төлеуге шоттарды береді;

5) ұсынылып отырған элиталық тұқымдарды сатып алу-сату шартының, элиталық тұқымдарды нысаналы пайдалану актісінің, элиттұқымшар нақты сатқан элиталық тұқымның көлемі жөніндегі жиынтық тізілімнің, облыс бойынша сатылған элиталық тұқымдардың көлемі жөніндегі жиынтық актінің нысандарын Ауылшармині бекітеді.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.**

Тұқым шаруашылығын дамытуды  
қолдауға қаражат төлеу ережесіне  
1-қосымша

Бекітемін  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы вице-министрі

(аты жөні, қолы, мөрі)

200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ - " \_\_ " \_\_\_\_\_ кезеңінде

өндірілген бірегей тұқымдар үшін субсидиялар  
төлеуге арналған ведомость

				Бірегей тұ- кым өндіру- дің жылдық	Өндірілген бірегей тұқым-
	Бірегей тұқым				

Облыс атауы	өндіру-шінің атауы	Да-кыл	Өсім-паздық	квотасы		дарды субсидиялауға нақты берілген құжаттар	
				тонна	сомасы (теңге)	жыл басынан	200_ж. " _ " - " _ " кезеңінде
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиыны							

таблицаның жалғасы

Өндірілген бірегей тұқымдардың 1 тоннасына арналған субсидиялар нормативі, теңге	Жыл басынан тиісті субсидия сомасы, теңге	Жыл басынан төленгені, теңге	Тиісті субсидия сомасының қалдығы, теңге	200_ж. " _ " квота шегінде төлеуге жататыны, теңге
9	10	11	12	13

Қазақстан Республикасы  
 Ауыл шаруашылығы министрлігінің  
 құрылымдық бөлімшесінің басшысы

(аты жөні, қолы)  
 Тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеу ережесіне  
 2-қосымша

Бекітемін  
 Қазақстан Республикасы  
 Ауыл шаруашылығы вице-министрлігі  
 облыстық аумақтық  
 басқармасының бастығы

\_\_\_\_\_ (аты жөні, қолы, мөрі)  
 200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
 200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ - " \_\_ " \_\_\_\_\_ кезеңінде  
 тұқым шаруашылығын дамытуға арналған субсидиялар  
 төлеудің жиынтық ведомосі

Облыс	Элит-тұқымшар	Да-	Сатылған	Элиталық тұқымды сатудың жылдық квотасы	Квота шегінде элиталық тұқымдарды субсидиялауға нақты берілген

атауы	атауы	қыл	күні			құжаттар, тонна	
				тонна	сомасы (тең- ге)	жыл басынан	200_ж. " _ " _____ - " _ " _____ кезеңінде
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиыны							

### таблицаның жалғасы

Сатылған элиталық тұқымдардың 1 тоннасына арналған субсидиялар нормативі, теңге	Жыл басынан тиісті субсидия сомасы, теңге	Жыл басынан төленгені, теңге	Тиісті субсидия сомасының қалдығы, теңге	200_ж. " _ " _____ квота шегінде төлеуге жататыны, теңге
9	10	11	12	13

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігінің  
облыстық аумақтық басқармасы  
құрылымдық бөлімшесінің басшысы

(аты жөні, қолы)  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 4 ақпандағы  
N 105 қаулысымен  
бекітілген

### Көбейту жылдары бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің бірегей тұқымдарының түрлеріне және жеміс дақылдарының аласа дінді телітушілер аналығын салуға 2005 жылға арналған субсидиялардың нормативтері

N	Өнімнің түрі, іс-шаралар	Бірегей тұқымның 1 тоннасын (данасын) өндіруге, аласа дінді телітушілер аналығын салуға жіберілген	Бір тоннаға (данаға, гектарға) арналған субсидиялар
---	--------------------------	--	---



		шығындарды өтеу пай- ызы,(дейін)	нормативі, теңге
1	2	3	4
<b>Көбейту питомниктері мен аналық нысандар</b>			
1	Жүгері мен күріштен басқа, дәнді және дәнді бұршақты дақылдар	40	37696
2	Жүгері	40	227328
3	Күріш	40	52096
4	Күнбағыс	40	281600
5	Басқа майлы дақылдар	40	110592
6	Картоп	40	84864
7	Көпжылдық шөптер: бұршақты дәнді	40	390528
		40	149888
8	Біржылдық шөптер	40	38912
9	Қант қызылшасы	40	1442959
10	Мақта	40	144896
11	Көшеттер	40	80
12	Жеміс дақылдарының аласа дінді телітушілер аналығын салу	100	1221249
<b>Суперэлита</b>			
1	Жүгері мен күріштен басқа дәнді және дәнді бұршақты дақылдар	40	8246
2	Жүгері	40	49728
3	Күріш	40	11024
4	Күнбағыс	40	61600
5	Басқа майлы дақылдар	40	24192
6	Картоп	40	18564
7	Көпжылдық шөптер: бұршақты дәнді	40	85428
		40	32788
8	Біржылдық шөптер	40	8512
9	Қант қызылшасы	40	314664

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 4 ақпандағы  
N 105 қаулысымен  
бекітілген

**Сатылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің элиталық тұқымдарының 1 тоннасына 2005 жылға арналған субсидиялардың нормативтері**

N	Өнімнің түрі	Бірегей тұқымның 1 тоннасының құнын арзандату пайызы, (дейін)	Сатылған элиталық тұқымның 1 тоннасына субсидиялар нормативі, теңге (дейін)
1	2	3	4
1	Жүгері мен күріштен басқа, дәнді және дәнді бұршақты дақылдар	40	13200
2	Жүгері: кеш пісетін, орташа кеш және орташа пісетін бірінші ұрпақтағы будандар;	40	74000
	ерте пісетін бірінші ұрпақтағы будандар	40	30000
3	Күріш	40	18560
4	Күнбағыс: элиталық тұқымдар;	40	120000
	бірінші ұрпақтағы будандар	40	100000
5	Басқа майлы дақылдар	40	39360
6	Картоп	40	30200
7	Көпжылдық шөптер: бұршақты дәнді	40	139000
		40	53320
8	Біржылдық шөптер	40	13880
9	Қант қызылшасы	40	511920
10	Бірінші өсімпаздықты қоса алғанда, мақта	40	32185